

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән: (ZZ4309) Денсаулық сақтау заңнамасы

Емтиханға шығарылатын оқу тақырыптары:

Қорытынды емтихан жазбаша түрде өтеді. Тақырыптық мазмұны барлық жұмыс түрлерін қамтиды: дәрістер, семинарлар, сондай-ақ өзіндік жұмыс тақырыптарын.

ЖАЗБАША ЕМТИХАН ДӘСТҮРЛІ – СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП.

Univer АЖ-да өткізіледі. Емтихан форматы – синхронды.

Студенттің жазбаша емтихан тапсыру процесі **студенттің емтихан билетін автоматты түрде қалыптастыруды** қамтиды, оған жүйеге мәтінді тікелей енгізу арқылы жазбаша жауап беруі қажет.

ОҚЫТУШЫ

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұрақтар тізіміне әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Деканның ОӘТЖ жөніндегі орынбасары өзінің парақшасында белгілі бір пәндік топтарға емтихан билеттерін генерациялайды. Генерациялау кезінде топ студенттерінің бүкіл тізімін көрсетуге немесе студенттерді іріктеп көрсетуге болады (қайта тапсыру үшін).

- Генерация кезінде билеттер саны таңдалған студенттер санынан көп болуы керек.
 - Генерация емтихан кестесінде көрсетілген пән бойынша топ шеңберінде өтуі тиіс.
 - Генерация емтихан күні мен уақыты басталғанға **дейін** ғана мүмкін болады. Қайта тапсыратын студенттер үшін қайта генерация жағдайында **емтихан кестесіндегі топтың күні мен уақытын қайта өзгерту қажет.**
- тейді.

МАҢЫЗДЫ – емтихан студенттер мен оқытушыларға алдын-ала белгілі кесте бойынша өткізіледі. Бұған кафедралар мен факультеттер жауапты.

СТУДЕНТ

1. Алдымен компьютерлік құрылғыдағы (моноблок, ноутбук, планшет) интернет байланысын тексеру керек. Құрылғы емтиханның барлық уақытында зарядтаумен қамтамасыз етілуі керек.
2. Univer.kaznu.kz веб-порталын кез келген браузер арқылы ашуға болады, Google Chrome браузері арқылы ашу ұсынылады.
3. Өз есептік жазбаңызбен кіруіңіз қажет. Егер студент өзінің логині мен паролін есіне түсіре алмаса, емтихан басталғанға дейін өзінің куратор-эдвайзеріне хабарласуы тиіс.
4. Оқу сатысына байланысты бакалавр, Магистрант немесе Phd докторы қосымша бетіне өтіңіз. Содан кейін Емтихандар кестесі функционалын белсендіріңіз.

5. Емтихан уақыты келген пәндер үшін **Жазбаша емтихан тапсыру** командасы пайда болады (қызыл түспен белгіленген). Бұл студенттің сілтеме бойынша өтіп, емтихан сұрақтарына жауап бере алатындығын білдіреді.

Жазбаша емтихан тапсыру функциясы

Студент өзінің емтихан кестесін қарау бетінде «Емтиханды бастау» функциясын қолдануы керек.

- Жазбаша емтихан тапсыру функциясы емтихан уақыты басталғаннан кейін ғана белсенді болады.
- Жазбаша емтихан тапсыру функциясы студентке емтихан кезінде қол жетімді. Емтиханға белгіленген уақыт барлық факультеттер мен мамандықтар үшін бірдей.
- Жазбаша емтихан тапсыру функциясы тек ашылмаған қорытынды тізімдемесі бар студенттер үшін белсенді (емтихан, қайта тапсыру, Incomplete).
- Жазбаша емтихан тапсыру функциясы емтихан тапсыруға бөлінген уақыт өткеннен кейін жабылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. Univer АЖ-да студент файлдарды жүктей алмайды. Ол өз жауабын жауап өрісіне компьютердің пернетақтасы арқылы онлайн режимінде енгізуге міндетті.

6. Сілтеме бойынша **Жазбаша емтихан тапсыруға** көшкеннен кейін терезе ашылады, онда студент емтихан билетінің сұрақтарын көреді. Емтиханның ұзақтығы дәл **2 сағатты құрайды.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы факультеттер мен ЭЖБЖМ үшін емтихан ұзақтығының ұлғаю себептерін негіздей отырып (формуларды күрделі енгізу және т.б.), оқу жұмысы жөніндегі проректордың атына жазылған ұсыныс бойынша емтиханның ұзақтығы 1 сағатқа артуы мүмкін.

7. Уақыт аяқталғаннан кейін жүйе жазбаша жауаптарды қабылдамайды. Сондықтан басылған жауаптарды уақыт аяқталғанға дейін мезгіл-мезгіл сақтау ұсынылады. Бетте таймер көрсетілген, ол арқылы студент уақытын бақылай алады. Егер емтихан кезінде студенттер интернет байланысын жоғалтса немесе студент парақты кездейсоқ жауып тастаса, онда ол 2-ден 7-ге дейінгі қадамдарды қайталай отырып, қайта қосылуы немесе қайта кіруі керек. Емтихан уақытында студент жүйеге оралып, билеттің сұрақтарына жауап беруді жалғастыра алады.

- Студентке ыңғайлы болу үшін жүйе әр 10 минут сайын жұмысты (мәтінді) автоматты түрде сақтайды.
- Билет сұрақтарына жауап беру бетінде «Сақтау» түймесі бар, студент жазбаша емтиханды аяқтауды шешкен кезде оны баса алады.
- Жауап сақталғаннан кейін файл автоматты түрде түпнұсқалыққа тексеріледі.

Оқыту нәтижелері:

Емтиханға дайындалу барысында курстың негізгі теориялық мазмұның, терминологиясын және әдістерін қайталау қажет.

Курсты оқу нәтижесінде студент қабілетті болуы тиіс:

әкімшілік, қылмыстық, азаматтық, еңбек құқықтары бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алуға байланысты іс-шараларды талдай алуға;

медициналық құқық нормаларын талдау негізінде медициналық ұйымдардың қызметін жетілдіруге байланысты әдістерді талдай алуға;

денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін, сондай-ақ еліміздің медициналық ұйымдарының даму тиімділігін құқықтық қамтамасыз етуді талдай алу,

денсаулық сақтау саласындағы мекемелер мен ұйымдардағы заңдылықтың сақталуы мен қамтамасыз етілуіне байланысты ұсыныстар бере алу.

Емтиханға дайындалу тақырыбының негізі:

1. Медициналық құқықтың түсінігі мен жүйесі.
2. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды ұйымдастырудың және басқарудың құқықтық негіздері.
3. Қазақстанның конституциялық жүйесінің негіздері. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары, бостандықтары мен міндеттері. Денсаулықты қорғау және медициналық көмекке құқықты қамтамасыз ету кепілдіктері.
4. Медициналық-әлеуметтік көмек алған кезде азаматтардың құқықтарын заңнамалық қамтамасыз ету. Пациенттің құқықтары. Науқастардың міндеттері.
5. Медициналық қызметтің жекелеген түрлерін құқықтық реттеу (халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасында туберкулездің таралуын болдырмау және т.б. саласындағы құқықтық реттеу).
6. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің мәртебесі және олардың құқықтары.
7. Медицина қызметкерлерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі заңды жауапкершіліктің түрі ретінде.
8. Медицина қызметкерлері мен медициналық ұйымдардың әкімшілік жауаптылығы заңды жауапкершіліктің түрі.
9. Медицина қызметкерлерінің кәсіби және қызметтік құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылығы және олардың алдын-алу.
10. Медициналық тексерулердің түрлері. Комиссиялық сот-медициналық сараптама жасау тәртібі.
11. Ерікті және міндетті медициналық сақтандырудың құқықтық негіздері. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру.
12. Дәрілік заттар айналымы саласындағы кәсіби қызметтің құқықтық негіздері. Дәрілік заттардың сапасын, тиімділігін мен қауіпсіздігін бақылаудың мемлекеттік жүйесі.
13. Медицина қызметкерлерінің жұмысын құқықтық реттеудің ерекшеліктері. Денсаулық сақтау мамандарының тәртіптік жауапкершілігі.
14. Адам ағзалары мен тіндерінің донорлығы мен трансплантациясын құқықтық реттеу.
15. Медицина мен құқықтың өзекті мәселелері: реанимация; эвтаназия; криология; Генетикалық инженерия; дің жасушаларын қолдану; суррогат ана болу; клондау

Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау; орындалған тапсырманы бағалау. Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: $\frac{PK1+MT+PK2}{3} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4$ $\frac{PK1+MT+PK2}{3} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4$. Мұнда АБ – аралық бақылау; МТ – аралық емтихан (мидтерм); ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

6.5. Бағалау шкаласы силлабуста беріледі (әсіресе 1 курс студенттері үшін):

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Оқулықтар:

1. Қожабек Қ.М. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеу.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.-196 б.
2. Мауленов К.С., Мауленова Б.Н. Медицинское право Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 206 с.
3. Кугушева Т. В., Ласкова Т. С., Механцева К. Ф. Делопроизводство. Учебное пособие. Издательство: Феникс, 2017 г.- 296 с.
4. Основы права: учебник для неюридических вузов и факультетов / под ред. В. Б. Исакова. - М. : Норма : ИНФРА-М, 2015.
5. Сергеев Ю.Д., Павлова Ю.В., Каменская Н.А., Поспелова С.И. Правоведение. Медицинское право: Учебник – М.:ООО «Издательство «Медицинское информационное агентство», 2014.-552 с.
6. Акопов В.И. Медицинское право: современное здравоохранение и право граждан на охрану здоровья: учебно – практическое пособие для практикующих юристов и врачей. – Ростов – на – Дону: Феникс, 2012.-377 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. ҚР Кодексі 7 шілде 2020 жыл № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы».
2. Татарников М. А. Делопроизводство в медицинских организациях. Издательство: ГЭОТАР-Медиа, 2016 г.- 240 с.
3. Сологуб О. Делопроизводство. Составление, редактирование и обработка документов. Учебное пособие. Издательство: Омега-Л, 2015 г. – 207 с.
4. Сергеев Ю.Д., Павлова Ю.В., Каменская Н.А., Поспелова С.И. Правовые риски профессиональной медицинской деятельности в условиях нового законодательства: научно-практическое пособие. М.:НИМПИ, 2012.-208 с.

Интернет-ресурстар:

1. Учебный материал: тезисы лекций, видеолекции, методические рекомендации по подготовке к семинарским занятиям, СРС и т.п. доступны на сайте www.univer.kaznu.kz в разделе УМКД.

2. Нормативные правовые акты в соответствии с темами дисциплины доступны в правовой базе «Адилет».